

«Көпір»

Үй тапсырмасы

1 топ Сәйкестендіру

2 топ Мал шаруашылығы

3 топ Дөңгелек диаграмма құрастыр

«Көпір»

Сәйкестендіру

Қысқа қарай себілген бидай

Көктемде себілген бидай

Табиғи жауын – шашынмен
суарылатын егін шаруашылығы

Өнеркәсіпке шикізат ретінде өсірілетін
мәдени өсімдік

Бағалы талшықты мәдени өсімдік



Тәлімі



Мақта



Жаздық



Күздік



Техникалық


«Көпір»

Мал шаруашылығы

Салалар	Сала ішіндегі сала	Қайда орналасқан
Қой шаруашылығы	Етті – жүнді	
	Биязы жүнді	
	Қаракөл өндіру	
Мүйізді ірі қара шаруашылығы	Сүтті	
	Етті – сүтті	
	Етті	
Жылқы шаруашылығы		
Түйе шаруашылығы		
Құс өсіру шаруашылығы		
Шошқа шаруашылығы		
Марал шаруашылығы		
Омарта шаруашылығы		

«Көпір»

Ауыл шаруашылығына жарамды жер құрылымы



● Жайылым - 69,03%

● Егістік жер – 27,16%

● Пішендемелік жер 3,71%

● Көп жылдық көшеттер – 0,1%

Үй тапсырмасын пысықтау

1. Қазақстандағы дамыған мал шаруашылығының саласы?
2. Ірі қала маңына таяу орналасатын мал шаруашылығы саласы?
3. Жем – азықтық базасы жөнінен ерекше мал шаруашылығының саласы?
4. Еліміздегі халықтың дәстүрлі кәсібі?



23.01.2014 ж

Сабақтың тақырыбы: Тамақ өнеркәсібі




Қант алу





- ▶ **Оқулық мәтінін және компьютердегі қосымша мәліметтермен танысу**



«ФудМастер» Компаниясының тарихы 1995 жылы жас кәсіпкерлердің сүт өндіру шаруашылығы дәстүрлі түрде кеңінен дамыған Қазақстанда йогурт деген керемет өнімді білмейді және шығармайды деген мәселені көтеруден басталды. Есік қаласындағы сүт зауытының цехын жалға алып, «ФудМастер» алғаш рет Қазақстанда йогурт шығара бастады.

Қазіргі таңда Республиканың түпкір-түпкірінде компанияның 4 зауыты, 16 сауда филиалы және екі сүт-тауар фермасы бар. ФудМастер компаниясы Қазақстан нарығында сүт өнімдерін шығару бойынша көшбасшы болып табылады және Республикамыздың аумағындағы жаңадан көп сүт өнімдерін шығаруда да алғашқылардың бірі болып саналады. Отандық өндірушілердің ішінде ең көп өнім шығаратын Компания әрқашан қазақстандықтардың талғамы мен сұранысын қанағаттандыруды мақсат етеді. Тұтынушылар ұнатқан өнімдердің ішінде: айран, қаймақ, Үй сүзбесі, Дольче йогурттары, БИО-С + ұйыған сүті және басқалары бар.

Қазіргі таңда компания зауыттары 100-ден астам сүт өнімдерінің түрлерін шығарады. Жыл сайын компания өз ассортиментін жаңартып, қазақстандықтарға жақсарған жана дәмі бар жаңа өнімдер ұсынады. 2004 жылдан бастап ФудМастер компаниясы жоғары сапалы сүт өнімдерін шығаруда әлем бойынша көшбасшы, түрлі елдердің 200-ден астам кәсіпорынды біріктіріп отырған Халықаралық Лакталис тобына (Франция) кіреді.

ФудМастер компаниясы – бұл 2001 жылдан ИСО сапа менеджменті жүйесін енгізе бастаған және 2004 жылы сертификат алған тағам өндіретін қазақстандық алғашқы компания.

2010 жылдан бастап компанияда тағам өнімдерінің халықаралық қауіпсіздік жүйесі – НАССР (қауіп және сынама алу орындарын сараптау жүйесі) енгізіле бастады. НАССР жүйесіне енгізілген қағидалар адам өмірі мен денсаулығына төнетін қауіпті азайтады. НАССР тағам өнімдерін шығару кезінде қауіптің алдын алып, тұтынушыға өнімнің қауіпсіздігіне кепілдікті қамтамасыз етеді.

Сұлтан Маркетинг

Бас офісі Қазақстанның экономика және сауда орталығы болып табылатын басты қала – Алматыда орналасқан фирма 1996 жылы сауда белгісімен өндірілген өнімдерді тарату және сату мақсатында болатын және қысқа мерзім ішінде маркетингтік фирмаға айналып Қазақстан бойынша қызмет көрсететін халге жетті. Қазіргі таңда «Маркетинг» компаниясы тек қана өзіміздің еншілес кәсіпорындар, сонымен қатар үшінші өндірушінің де түрлі өнімдерін шетелге шығып шетелден алып келу жұмыстарын жүзеге асыруда.

Қазіргі кезде «Сұлтан Маркетинг» фирмасының құрамында 4 жұмысшы еңбек етеді және Қазақстанның 11 аймағы мен 7 түрлі мемлекетте филиалдары бар. Сонымен қатар фирма көліктермен, қойма ғимараттармен, көтерме сауда жасаушылар және дистрибьюторлар жүйесімен қамтамасыз етілген. Фирманың барынша үлкен таратушы құрамы бар. Сұлтан Маркетингтің сату күші әр апта шамамен 17 000 тұтынушыны (таңдамалы нүктесі) құрайды. Фирма жалпы алаңы 15 000 м² жабық қойма ғимаратпен қолдануда және құрылғаннан бері 14 мемлекетпен, соның ішінде Ресей, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Моғолстан, Түркіменстан, Литва, Әзербайжан, Летония, Белорусия, Алмания мен Қытаймен экпорттық қарым-қатынас орнатылған. Мемлекет ішінде де, мемлекеттен тыс елдерде дамуын жалғастыра отырып, Қазақстан экономикасына маңызды үлес қосатын көшбасшы таралым фирмасы болуды мақсат етеді. 2007 жылдың сәуірі айының аяғынан бастап Сұлтан макарондары Алманияға да шығарыла бастады.

«Сұлтан» ұнының түрлері

«Сұлтан» ұны Солтүстік Қазақстанның арнайы таңдалып алынған бидайларынан өндіріледі. Аймақ пен топырақтың ерекшеліктеріне және балуыздың жоғары дәрежесіне байланысты біздің ұнымыздың түсі ақшыл сары түсті болып келеді.

«Сұлтан» ұны ақшыл сары түсті болғанымен өзге аймақтардағы басқа өндірушілермен салыстырғанда өте дәмді.

Жоғарғы сұрыпты «Сұлтан» ұны:

Түрі: Арнайы үй жағдайындағы бауырсақ, бәліш, кекс пен торттар пісіруге арналған. Өте дәмді. Үй жағдайындағы тұтыну кезінде тамаша нәтиже береді.



▶ Алматы Жеміс Консервілеу Зауыты — Алматы қаласындағы жеміс-жидек, көкөніс өнімдерін консервілеуге, ұзақ сақталатын кейбір тағам түрлерін жасауға мамандандырылған кәсіпорын. 1936 ж. құрылған. Ол 1942 ж. соғыс жағдайына байланысты Алматыға көшіп келген Симферополь консерві комбинатымен біріктіріліп, майдан үшін ет және жеміс - жидек консервілерін шығарды. 1974 жылға дейін Алматы жеміс-консерві комбинаты, кейін Алматы жеміс консервілеу зауыты деп аталды. 1993 ж. зауыт акционерлік қоғам болып қайта құрылды. 1995 ж. бастап “Алматы жеміс консервілеу зауыты” акционерлік қоғамы деп аталады. Кәсіпорын құрамында 13 цех бар. Негізгілері: консервіленетін көкөніс , томат, жеміс-жидек, балалар тамағы және күнбағыс алуасы цехтары. Бұл цехтар өнімнің 80-ге жуық түрін шығарады. Кәсіпорын өз өнімдерін шет елдерге де жөнелтеді.

▶ Апорт — алманың ірі, әрі құнды түрі. Салқындау, бірақ ұзақ емес қысы бар, ал жазы жылы немесе ыстық болатын оңтүстіктің орта белдеуінде (Солтүстік Қауказ). Апорт — алманың ірі, әрі құнды түрі. Салқындау, бірақ ұзақ емес қысы бар, ал жазы жылы немесе ыстық болатын оңтүстіктің орта белдеуінде (Солтүстік Қауказ, Іле Алатауы) кең тараған. Апорттың қабығы тығыз, сары немесе жасыл-сары қызыл-қоңыр мөрімен болады; ішкі жағы (еті) сусымалылығымен, нәзік дәмімен ерекшеленеді. Апорт — кеш пісетін түрге жағады, қыркүйек айларында ғана пісіп жетіледі. Кеш піскендіктен қыста жақсы сақталады. Ең танымал апорт бақтары Алматы сыртында орналасқан (мысалы, Бесқайнар ауылдық аймағы). КСРО кезінде Алматы қаласының рәмізіне де айналған.

▶ Бүгінгі күні апорт нарықтан жоғалған, себебі апорт өсірілген жерлер жекешендіріліп алма ағаш орнын басқа нысаналар ауыстырған (құрылыс т.б.), сонымен қатар ағаштар ескіріп жаңа алма-ағаш өсірмейді, Алматы облысының әлсіз газдандырылғанын еске алсақ, алматылық тіпті тұрғындар да оны кесіп қыстан аман шығатыны сөзсіз. 70-жылдарғы деректері бойынша, Қазақстанда 3851193 түп апорт ағашы болса, оның 80 пайызын Алматыда 3036346 түп Алматыда өсірілген екен. Бұдан кейінгі санақтар көңілге қызықтатады. Мәселен, 1984 жылы Қазақстанда 1965795 түп апорт алма болып, оның 1418988-і өсіріліпті. Ал бұдан соңғы мәліметтер тіпті майдаланып



СЕМЕЙ ЕТ-КОНСЕРВ КОМБИНАТЫ



▶ СЕМЕЙ ЕТ-КОНСЕРВ КОМБИНАТЫ, М.И.Калинин атында - ҚазССР Мемлекеттік аграрлық-өнеркәсіптік комитетіне қарасты кәсіпорын. 1934 жылы Семей мал сою пункті негізінде құрылған. Комбинаттың құрылысы жүріп жатқан жылдары мұнда Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің көрнекті қайраткерлері С.М.Киров, М.И.Калинин, А.И.Микоян болды. Олар кәсіпорынның қалыптасуына көмегін тигізді.

▶ Құрамына қой етін тоңазытатын Үржар қасапханасы кіреді. Комбинат 300-ден астам (тағамдық, мед., тех. өнімдер, сүйектен, мүйізден жасалынған бұйымдар) өнім түрлерін шығарады. Оның сойыс малын ұстайтын базасы, мал сою, консерв, колбаса-кулинарлық, тоңазытқыш, медициналық аппараттар, техникалық фабрикалар заводы және 18 қосымша цехы бар. Олар осы заманғы технологиялық жабдықтармен жарақтанған. Соңғы 30 жыл ішінде қосымша: №2 медициналық препараттар заводы, қосалқы трансформатор станциясы, консерв қоймасы, тоңазытқыш, тері тұздайтын, қаңылтыр, литография, жұмыртқа ұнтағын жасайтын цехтар салынып, компрессорлық цех кеңейтілді.

▶ Ұлы Отан соғысы жылдары (1941-45) кәсіпорын майдан мен тылға 103 мың тоннадан астам ет, 21 мың тонна колбаса өнімдерін, 100 млн. шартты консерв банкасын, 18,3 мың тонна азық концентраттарын жөнелтті. 1984 жылы комбинатта 50,1 мың тонна ет пен 1 категориялы өкпе-бауыр, ішек-қарын, 10,0 мың тонна колбаса өнімдері, 3,3 мың тонна жартылай ет фабрикалары, 5 мың тонна құрғақ мал азығы, 65,0 млн. сомның шартты консерв банкасы, 6,86 млн. сомның медициналық және техникалық өнімдері өндірілді. Сойылатын мал Семей, Павлодар, Талдықорған, Шығыс Қазақстан облыстарынан, РСФСР-ден жеткізіледі. Комбинат республикада ет өнеркәсібі бойынша өндірілетін товарлы өнім көлемінің 11,8%-ін береді. Жалпы ет өнімін шығару жөнінен Одақта 3-орын алады. Кәсіпорында 28-ден астам ұлт өкілдері еңбек етеді. 91 адамы СССР ордендеріне және медальдарына ие болған (1984).

Дайын өнімдері еліміздің, республикамыздың қалаларына, сондай-ақ Венгрияға, Кубаға, Польшаға, Чехословакияға т.б. шет елдерге жіберіледі. Комбинат Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталған (1944).



Тақырыптың басты идеясын сызба түрінде беріп, толтыру.

- ▶ 1 топ - Шикізат көзіне жақын орналасқан салалар
- ▶ 2 топ - Тұтынушыға жақын орналасқан салалар
- ▶ 3 топ - Тұтынушыға да шикізат көзіне де жақын орналасқан салалар

«Қолдану»

Тамақ өнеркәсібін кескін картаға түсіру

«Жинақтау»

Бос тұрған жерге қажет сөз бен сөз тіркестерін жазу.

- ▶ Тамақ өнімдерінің 25% - ын.....өнеркәсібі құрайды.
- ▶ Қазақстандағы ең ірі ет комбинатықаласында орналасқан.
- ▶ Ет өнеркәсібі саласыэкономикалық аудандарында дамыды.
- ▶ Республиканы ұнмен.....ұн тарту комбинаттары қамтамасыз етеді.
- ▶ 1 тонна қант өндіру үшінқант қызылшасы керек.
- ▶ Қант зауыттары.....облыстарында жұмыс істейді.
- ▶ Сүт зауыттарықалаларында жұмыс істейді.
- ▶ Маргарин өнімдеріне деген сұраныстықаласы қамтамасыз етеді.
- ▶ Балық өнеркәсібі.....дамыған.
- ▶ Кондитерлік фабрикалар.....дамыған қалаларында жұмыс істейді.
- ▶ Жүзім өсірілетін Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында
..... зауыты жұмыс істейді.
- ▶ Темекі өнімдері..... қаласында шығарылады.

Үйге тапсырма: Тамақ өнеркәсібі.

Оқулықтан 5-тапсырма

Бағалау парағы арқылы топ жетекшісі топты бағалайды

р/с	Топ мүшелерінің аты-жөні	Топтық Талқылауға белсенді қатысты Иә/жоқ + / -	Қызықты идеялар ұсынды Иә/жоқ + / -	Басқалардың пікірін тыңдады Иә/жоқ + / -	Көзқарас айту және оны дәлелдеу шеберлігі + / -	Сынып алдында жұмысты қорғады Иә/жоқ + / -	барлығы
1							
2							
3							
4							
5							

